

QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / № 51-52 (1155), 20-27.12.2022

qazaq1913.com +7 (701) 505 48 48 +7 (777) 797 77 88 kazakh_2006@mail.ru

qazaq gazeti qazaq gazeti qazaq1913_ qazaq gazeti

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен газеттің Орынборда 265 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 266-санынан қайта жаңғыртты

БАСТАПҚЫ ЖАРНАСЫЗ ИПОТЕКА: ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН ИПОТЕКА НЕСІМЕН ҰТЫМДЫ?




03

1986 ЖЫЛҒЫ ПЛЕНУМДА БИЛІК БАСЫНДА ЖҮРГЕН ҚАЗАҚТАР НЕГЕ ПРИНЦИПШІЛДІККЕ БАРМАДЫ?



06



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕДИАФОРУМЫНДА ЛИЗ УЭЛШТИН БҮРКІТШІ АЙШОЛПАН НҮРҒАЙЫП ТУРАЛЫ «EAGLE HUNTRESS» КИТАБЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ.

02

ТАРИХИ ТУЫНДЫМЕН ТОЛЫҚТЫ

«МІРЖАҚЫП. ОЯН, ҚАЗАҚ!» ТАРИХИ ТЕЛЕХИКАЯСЫ КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТТЫ



ФОТО: RUHAKZ

Алты бөлімді «Міржақып. Оян, қазақ!» тарихи телехикаясында Міржақып Дулатұлы өмірінің 1909-1935 жылдардағы кезеңі толық қамтылады...

Р асында, бұл сүйінші сұрайтындай-ақ жаңалық! Қазақ киносы Алаш арыстарына арналған тағы бір тарихи туындымен толықты. 14 желтоқсанда «Қазақстан» телерадио-корпорациясы Міржақып Дулатұлына арналған «Міржақып. Оян, қазақ!» тарихи телехикаясының тұсаукесерін өткізді. Тұсаукесерге депутаттар, зиялы қауым өкілдері, тарихшылар мен журналистер қатысты.

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

АЛТЫ БӨЛІМНЕН ТҰРАТЫН ТАРИХИ ТЕЛЕХИКАЯ

Тарихи туындының мақсаты – Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығын қызықты сюжеттік желі арқылы кеңінен насихаттау арқылы жастар бойында мемлекетшілдік рухты қалыптастыруға ықпал ету.

02-бетте

АҚБАСТЫ АЛЫСТАҒЫ АРГЕНТИНА ДА АРМАНДАЙДЫ

ЗЕҢГІ БАБА ТҮЛГІНІҢ ЕТТІ ТҰҚЫМЫ САНАЛАТЫН АҚБАСТЫ ҚАЛАЙ САҚТАП ҚАЛАМЫЗ?



ФОТО: ELDALAZ

1991 жылдың аяғында Қазақстанда ақбас сиыры 1,5 млн бастан асса, қазір олардың саны 470 мыңды құрайды...

Б ритандық герефорд тұқымымен будандастыру арқылы шығарылған қазақтың әйгілі ақбас сиырының саны жарты млн басқа жақындап қалды. Бүгінде оларға деген сұраныс ұсыныстан да асып түседі. Оны сатып алғысы келетін клиенттер әлем бойынша аз емес. Тіпті, сиыр етін экспорттауда әлемде алғашқы ондыққа енетін алыстағы Аргентина да бұл тұқымды сиырды сатып алуға ниетті. Ақбас сиыры жайлы Қазақ ақбас сиыры республикалық палатасының атқарушы директоры Дәурен Матақбаев Eldala.kz порталында оралымды ойларымен бөліскен екен. Ғасыр тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін қазақтың атақты ақбас сиырының артықшылығына, өткені мен бүгініне және алдағы болашағына тоқталады.

Фараби СӘЙКЕНОВ

АРҒЫ АТА-БАБАЛАРЫ БРИТАНДЫҚ СИЫР

1950 жылы Орынбор облысы мен Батыс Қазақстанның селекциялық орталықтары жасаған 20 жылдық күрделі жұмыстардан кейін қазақтың ақбас сиыры жаңа будан ретінде ресми тіркелді. Тұқымның негізі Англия мен Уругвайдан КСРО-ға әкелінген герефорд тұқымының 850 бас бұқасы болды. 20 жыл бойы Қазақстанның байырғы жергілікті тұқымын герефорд бұқаларымен будандастыру жүргізілді. Соның арқасында қатал климаттық жағдайда азықтандыруға қолайлы етті бағыттағы тұқым шығаруға қол жеткізілді.

03-бетте

МАХАББАТ ТӘЖІН КИГЕН ЖАЗУШЫНЫҢ СЫРЫ

/ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ, МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТЫҢ ЛАУРЕАТЫ ӘЗІЛХАН НҮРШАЙЫҚОВТЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ /

Ш ынайы махаббаттың шыңына шыққан, сезімінің серігіне 9 жыл ғашық болып, 54 жыл тату-тәтті ғұмыр кешкен, қосағы жалған дүниеден қайтқанда жоқтап 500-ден астам жол өлең арнаған Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы Әзілхан Нұршайықовпен (1922–2011) көзінің тірісінде алынған осынау сұхбатымызды қаламгердің жүз жылдығына орай қайыра беруді жөн көрдік. Сұхбат қаламгердің көрініс де, жастың да басына жастанып оқыған, әлі де оқи беретін «Махаббат, қызық мол жылдар» шығармасы төңірегінде өрбіген еді.

Қызжібек ӘБДІҒАНИҚЫЗЫ

«РОМАНДЫ ЖАЗУҒА ҒАҒАҢ СЕБЕПКЕР БОЛДЫ»

– Әзілхан ата, «Махаббат, қызық мол жылдарды» жазуыңызға нендей себептер түрткі болды?
– 1945 жылы соғыстан елге оралдым. Төрт жыл майданда болып, зеңбірек командирі қызметін атқардым. 786 күн жауға қарсы алдыңғы шепте жүргенімде, менің зеңбірегімнен 9 тонна оқ фашистердің басына құйылыпты.

04-бетте

БҮРКІТШІ АЙШОЛПАН ТУРАЛЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ КІТАП

Орталық Азия медиафорумында Лиз Уэлштің «Eagle Huntress» кітабының тұсаукесері өтті. Кітаптың басты кейіпкері – Айшолпан Нұрғайып. Ол – әлемдегі ең жас бүркітші қыз.

«Көптеген адамдар менен онымен қалай кездескенімізді және оның тарихын айтуды сұрады. Алдымен мен бүркіттерді түсірген израилдік фотографтың суретін және оларды Моңғолияда қалай жаттықтырғанын көрдім. Ол қыздар арасында кездесісөз бүркітшінің бар-жоғын білуге шешім қабылдады. Осылайша, олар Айшолпанға шықты. Оның отбасында бүркітші болу жеті ұрпақтан кейінгі нағыз отбасылық дәстүрге айналған. Айшолпанның бүркітпен түскен бұл суреті оның өмірін өзгертті», – деп еске алады Лиз Уэлш.

Содан кейін Айшолпан сөз алды. «Мен бала кезімнен бүркітші болуды армандадым. Авторлар мен туралы фильм түсіріп, кітап жазды. Мен туралы фильмнің премьерасын жасаған 30 елге бардым. Бүкіл әлем бойынша біздің дәстүрлеріміз туралы айтып, халықаралық қатынастарды нығайтуға үлес қосуға мүмкіндігім бар екеніне қуаныштымын. Қазір Қазақстанда «педагог» мамандығы бойынша үшінші курста оқып жатырмын», – деді Айшолпан Нұрғайып.

Таяуда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңға қол қойды. Аталған заң жобасы аясында 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап күнкөріс шегі, ең төменгі зейнетақы, айыппұл көлемі, жалақы мен жәрдемақы мөлшері белгіленді. Ғасыр тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін алдағы жылы жәрдемақылардың қалай өзгеретініне тоқталады.

ЖАҢА ЖЫЛДА ЖӘРДЕМАҚЫ КӨЛЕМІ ҚАЛАЙ АРТАДЫ?



■ БАЛА ТУУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТӨЛЕНЕТІН ЖӘРДЕМАҚЫ

«Балалары бар отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» ҚР Заңы бойынша туған, асырап алған, сондай-ақ, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алған балалары бар барлық отбасының туу жәрдемақысын алуға құқығы бар.

Туу жәрдемақысы жұмысшыларға да, жұмыс істемейтін әйелдерге де төленеді, ал жәрдемақы мөлшері:

- бірінші, екінші және үшінші баланың тууына – 38 АЕК немесе 2022 жылы – 120 840 теңге, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 131 100 теңге;
- төртінші және одан да көп балаға – 63 АЕК немесе 2022 жылы – 200 340 теңге, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 217 350 теңге.

■ БАЛА КҮТІМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӨЛЕНЕТІН ЖӘРДЕМАҚЫ

Жұмыс істемейтін ата-аналарға республикалық бюджеттен бір жарым жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы тағайындалады.

Қолданыстағы заңнама бойынша жұмыс істемейтін ата-анаға арналған жәрдемақылар мөлшері:

- бірінші балаға – 5,76 АЕК немесе 2022 жылы – 18 317 теңге, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 19 872 теңге;
- екінші балаға – 6,81 АЕК немесе 2022 жылы – 21 656 теңге, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 23 495 теңге;
- үшінші балаға – 7,85 АЕК немесе 2022 жылы – 24 963 теңге, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 27 083 теңге;
- төртінші және одан да көп балаға – 8,90 АЕК немесе 2022 жылы – 28 302 теңге, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 30 705 теңге.

Егер баланың анасы жұмыс істесе және ол үшін мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына (бұдан әрі – МӘСҚ) әлеуметтік аударымдар түссе, онда ол туғаннан кейін МӘСҚ-дан бала күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда ай сайын әлеуметтік төлем алатын болады. Төлем мөлшері бала туғанға дейінгі соңғы екі жылдағы орташа айлық табыстың 40 пайызын құрайды. Бұл ретте, ең төменгі мөлшері бала күтімі жөніндегі ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшерінен кем болмауы тиіс, ал ең жоғары мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының жеті еселенген мөлшерінің 40 пайызынан аспауы тиіс. Басқаша айтқанда, 2023 жылы ай сайынғы жәрдемақы 196 000 теңгеден аспайтын болады.

■ БАЛА КҮТІМІ БОЙЫНША ЖӘРДЕМАҚЫ ҚАНША УАҚЫТ ІШІНДЕ ТӨЛЕНЕДІ?

Бұрын бала туғаннан бастап бір жыл ішінде бала күтімі бойынша ай сайынғы жәрдемақы төленетін. Енді оны бір жарым жыл ішінде алуға болады.

■ КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖӘРДЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ

Төрт немесе одан да көп баласы бар отбасылар көп балалы болып саналады. Жәрдемақы мөлшері айлық есептік көрсеткіш (АЕК) деңгейіне байланысты және мыналарды құрайды:

- төрт балаға – 16,03 АЕК немесе 2022 жылы – 50 976 теңге, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 55 304 теңге;
- бес балаға – 20,04 АЕК немесе 2022 жылы – 63 728 теңге, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 69 138 теңге;
- алты балаға – 24,05 АЕК немесе 2022 жылы – 76 479 теңге, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 82 973 теңге;
- жеті балаға – 28,06 АЕК немесе 2022 жылы – 89 231 теңге, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 96 807 теңге;
- сегіз және одан да көп балаға – 4 АЕК немесе 2022 жылы – 12 720 теңге, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – әр балаға 13 800 теңге.

01-беттен

6 бөлімді тарихи туындыда Міржақып Дулатұлы өмірінің 1909-1935 жылдардағы кезеңі қамтылады. Міржақыптың «Оян, қазақ!» кітабының жарыққа шығуы, «Бақытсыз Жамал» романының жазылуы, революциядан кейінгі жылдардағы, ашаршылық кезіндегі қоғамдық-саяси қызметі, Қызылорда, Семей, Мәскеудің әйгілі «Бутырка» абақтысындағы жылдары және жары Ғайнижамалмен махаббат хикаясы телехикаяда баяндалады.

«Тәуелсіздік күні қарсаңында «Qazaqstan» арнасы Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлына арналған тарихи телехикаяны көпшілік назарына ұсынып отыр. Соңғы жылдары отандық телеарналарда ұлт руханиятының ұлы тұлғаларын ұлықтауға арналған, тарихи тақырыптардан тамыр тартқан түрлі туындылар көрсетілуде. Мазмұндық әрі сапалық тұрғыда олардың көпшілігі талғампаз көрерменнің жоғары бағасына ие болып отыр. Бүгінгі «Міржақып. Оян, қазақ!» телехикаясы сол тағалымды үрдісті жалғап, өз үдесінен шығады деп сенемін. Жалпы, Міржақып Дулатұлының шығармашылық болмысын зерделеуде жасалып жатқан осындай үлкен ізденістер лайықты бағасын алуға тиіс», – деді Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі.

Телехикаяның режиссері – Мұрат Есжан, продюсері – Айсәуле Әбілдаева. Сценарий авторлары – Мұрат Есжан, ақын, драматург Ұларбек Нұрғалымұлы және алаштанушы ғалым Ұшқын Сәйдірахман. Телехикаяда бас кейіпкер Міржақып Дулатовтың рөлін Бақыт

ТАРИХИ ТУЫНДЫМЕН ТОЛЫҚТЫ

«МІРЖАҚЫП. ОЯН, ҚАЗАҚ!» ТАРИХИ ТЕЛЕХИКАЯСЫ КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТТЫ



Қажыбаев, жары Ғайнижамалдың рөлін Зарина Қармен, қызы Гүлнар Дулатованың рөлін Гүлжас Әпсетова ойнайды. Ахмет Байтұрсынұлы мен Әлихан Бөкейхан бейнесін «Qazaqstan» телеарнасы түсірген «Ахмет. Ұлт ұстазы» телехикаясының басты кейіпкерлері Байғали Есенәлі мен Бауыржан Қаптағай сомдайды. Телехикаяның түсірілім жұмыстары Алматы және Қостанай облыстарында өтті.

«Міржақып. Оян, қазақ!» телехикаясы «Qazaqstan» телеарнасынан 16-17 желтоқсан күндері 18:00-де эфирге шықты.

«Бұл – «Қазақстан» телерадиокорпорациясының соңғы екі жылда түсірген 11-ші тарихи телехикаясы. Екі жыл ішінде көрерменге түрлі жанрда 500-ге жуық бөлімнен тұратын 33 телехикая ұсындық. Қазір біз үшін де, сериалдар өндірісімен айналысатын продакшн компаниялар үшін де шыңдалу кезеңі», – деді Ләззат Танысбай.

ҚЫСҚЫ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ҚАТЫСТЫ КӨПТЕГЕН КЕМШІЛІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ



орташа нарықтық жалақы деңгейіне дейін арттыруды қамтамасыз ету;

- жылу желілеріне техникалық аудит жүргізу және электр желілері активтеріне, соның ішінде оларды жекешелендірудің заңдылығы мен коммуналдық меншікке берудің тиімділігін тексеру;
- халықтың әлеуметтік осал топтарына коммуналдық қызметтерге жұмсалатын шығындарды субсидиялау түрінде атаулы көмек көрсетуді қамтамасыз ету;
- энергетикалық кәсіпорындардың қызметін бақылауды күшейту мақсатында Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің аумақтық департаменттерінің штатын күшейту.

Жүйелі түрде:

Бір айдан астам мерзімде жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәлікпен, (24 150 теңге), тұрғылықты немесе уақытша болатын жері бойынша тіркеусіз тұрғандарға – 7 АЕК (24 150 теңге), ал мекенжайда нақты тұрмайтын адамдарды тіркеген жеке тұлғаларға 10 АЕК (34 500 теңге) мөлшерінде айыппұл салынады. Бір жыл ішінде құқық бұзушылық қайталанса – 13 АЕК (44 850 теңге).

1 қаңтардан бастап «Күміс жас» жобасына қатысушылардың контингенті мен қатысу кезеңі артады. Оған 50 жасқа толған қазақстандықтар 36 айға дейін қатыса алады. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі хабарлады.

«Қолданыстағы қағидалар бойынша жоғарыда көрсетілген жобаны іске асыру шеңберінде жұмыс берушілер мемлекеттен белгіленген жалақы мөлшерінің 50%-ына субсидия (бірақ 30 айлық есептік көрсеткіштен көп емес) ала отырып, зейнеткерлік жасқа дейінгі (58 жастан бастап) адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын құрады. Бұл ретте жұмыстың ұзақтығы 12 айдан аспайды» делінген ресми хабарламада.

Субсидиялар мөлшері:

- жұмыстың бірінші жылында жалақының 70%-ы (бірақ 30 АЕК-тен аспайды);
- жұмыстың екінші жылында жалақының 65%-ы (бірақ 30 АЕК-тен аспайды);
- жұмыстың үшінші жылында жалақының 60%-ы (бірақ 30 АЕК-тен аспайды).

Сонымен қатар, жоба аясында «жеке көмекші» және «әлеуметтік қызметкер» кәсіптері бойынша жұмыс орнын алу мүмкіндігі беріледі.

Айта кетейік, «Күміс жас» жобасына қатысушылар – зейнеталды жастағы жұмыссыз адамдар. Бағдарлама аясында зей-

АЛДАҒЫ ЖЫЛЫ «КҮМІС ЖАС» ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚАНША СУБСИДИЯ БӨЛІНЕДІ?



неткерлікке шығуға 2 жыл қалған азаматтар уақытша жұмыспен қамтылады.

«Күміс жас» жобасына қатысушылардың жалақысының жартысын жұмыс беруші төлейді. Салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақы мен банк қызметтерін ескере отырып субсидияның ең жоғары шегі – 30 АЕК (91 890 теңге). Экологиялық үстемеақы бойынша төлемдер есепке алынбайды. Мысалы, жұмыс беруші 180 мың теңге жалақы белгілесе, онда оның 90 мың мемлекет төлейді. Егер де айлығы 200 мың болған жағдайда 30 АЕК мөлшерінен артық төленбейді.

«Күміс жас» жобасына қатысу мерзімі 12 айдан аспайды. Жобаға қатысу мерзімі аяқталған соң, жұмыс беруші зейнет жасына жақындаған адамды зейнетке шыққанға дейін тұрақты жұмысқа алуға міндетті.

АҚБАСТЫ АЛЫСТАҒЫ АРГЕНТИНА ДА АРМАНДАЙДЫ

ЗЕҢГІ БАБА ТҮЛІГІНІҢ ЕТТІ ТҰҚЫМЫ САНАЛАТЫН АҚБАСТЫ ҚАЛАЙ САҚТАП ҚАЛАМЫЗ?



■ Қазақ ақбас сиыры республикалық палатасының атқарушы директоры Дәурен Матақбаев

жаңа деңгейін қамтамасыз етуге дайын. Сондай-ақ, олар салмақ мәселесіне келгенде тиісті қайтарымды алғысы келеді. Бірақ, осыған сәйкес теңгерімсіздік те орын алмақ. Жақсы күтімге үйренген ірі қара мал жем-шөп бұрынғыдан аз беріле қалса, күйін жоғалта бастайды. Палата мүшелерінің 85 пайызы ірі қараның осы тұқымын қолдайды. Өйткені, бұл тұқымды күй талғамайтындығы үшін таңдағандықтан, күтіп-бастау кезіндегі кейбір қателіктерді кешіреді. Оның осы қасиеттерін сақтауымыз керек. Егерде сиырдың күтімі мінсіз болса, оның төлі осы қасиеттерінен айырылып қалады. Мұны былайша түсіндіруге болады: мысалы, мигранттар жаңа елге қоныс аударғанда, олардың еңбектеніп жатқан елде туған балалары өз атамекендеріндегі балалардан ерекшеленетіні сияқты», – деп түсіндіреді Дәурен Матақбаев.

Әрине, уақыт өте келе тұқымының трансформацияға ұшырауы мүмкін. Бірақ бұл процесс 10-20 жылдан кейін, елдегі мал шаруашылығының басым бөлігі жем-шөп өндірісінің жаңа деңгейіне шыққан кезде аяқталады. Ал, әзірге сиырды қарсы кезеңдерде ғана (оңтүстік аймақтарда жыл бойына) жайылымға шығарады. Төзімділік тұқымының ең басты артықшылығы болып қала береді.

■ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ КҮШЕЙТУ ЖОЛДАРЫ

Дәурен Матақбаев Қазақ ақбас сиыры республикалық палатасына келгенге дейін 8 жыл Герефорд тұқымының республикалық палатасында жұмыс істеді. Мал өсіру технологиясымен танысып, көптеген елдерде болды. Ол осы тәжірибенің арқасында тек қазақстандық мал өсірушілердің ғана емес, АҚШ, Канада, Аустралия мал өсірушілерінің де жұмыс тәсілдеріне салыстыра баға бере алады.

«Өкінішке қарай, біздің селекция ғылымы көрші елдерден біршама артта қалды. Осыны ескере отырып, мен 2019 жылы директорлар кеңесіне заманауи сынақ станцияларын құру жөніндегі жобаны ұсындым. Станция құрылды. Енді оның негізінде біз аз жем тұтынатын, бірақ жоғары салмақ беретін жануарларды таңдаймыз. Бір мысал келтірейін: күллі әлем отын үнемдеуге бет бұруда. Тіпті, Land Cruiser 300 қозғалтқышының көлемі 3,5 литрмен шықты. Бірақ, оның қуаты арты. Мал шаруашылығында да солай: жем-шөп барлық шығындардың 70 пайызын құрайтындықтан, біз қазақтың ақбас сиырынан аз шығынмен максималды әсер беретін генетиканы іздейміз», – дейді Дәурен Матақбаев.

Палата технологиясын енгізіп отырған «Vytelle» компаниясының есептері бойынша, егер барлық мал басын осындай генетикаға көшірсе, онда барлық бағыттар бойынша үнемдеу 10-12 пайызды құрайды. Тағы бір үлкен артықшылығы – аммиак газдарының атмосфераға шығарылуы неғұрлым төмен болса, жемнің конверсиясы соғұрлым жоғары болады. Сөйтіп, қазақтың ақбас сиырының мықты қасиеттерін одан әрі жақсарту жұмыстары жүргізілуде. Идеал жоқ. Сондықтан генетикалық әлеуетті күшейту қажет. Бірінші әдіс – әлеуетті тұқымдарды алдын-ала іріктеп, сынақ станциясына ең таңдаулы деген малдарды жинау. Екінші әдіс тезірек жүзеге (бірақ одан да күрделі) асады. Бұл ақбастағы герефордтың қанын арттыру болып табылады.

«Мұны істегенде өте сак болу керек. Мен герефорд палатасында жұмыс істеп жүрген кезде, ақбас селеционерлері менен герефорд бұқаларының қанын алып, өз сиырларына құю үшін маған жиі жүгінетін. Бұл генетиканы жақсартудың жақсы және дұрыс әдісі. Бірақ, оны түсіністікпен жасаған жөн. Егер сіз мұны жасауда ағаттық жіберетін болсаңыз, онда ақбасты жергілікті байырғы тұқымнан қалған сиырдың мықты тұстарына жауап беретін гендерінен айырылып қалуыңыз ғажап емес», – деп ескертеді Дәурен Матақбаев.

■ СУБСИДИЯЛАР ӘСЕРІ

Дәурен Матақбаев мемлекеттің асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау деңгейін күрделі мәселе деп санайды. Себебі, барлық шаруа қожалықтарының міндеттері, қажеттіліктері және табыс деңгейі әртүрлі.

«Біреу 100 мың теңге тауып риза болса, екінші біреу айына 100 млн тапса да қанағат етпейді. Өкінішке қарай, тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік қолдау деңгейі тұрақты даму үшін шешуші рөл атқармайды. Бізде Ақтөбе немесе Солтүстік Қазақстан сияқты облыстар болды. Олар өз уақытында барлық өңірлер асыл тұқымды мал өсіру үшін бір басқа 20

мың теңгеден субсидия алып отырғанда, аталған екі облыс бір бас үшін 100 мың теңгеден алды. Бірақ, шынымды айтсам, мен солардың ауыз толтырып айтарлықтай нәтиже көрсеткенін байқамадым. Шаруашылықтарда да, малдарда да түбегейлі өзгеріс болған жоқ», – деп санайды Дәурен Матақбаев.

Әйтсе де, мемлекеттік қолдауды алып тастау да тығырықтан шығаратын жол емес. Мемлекет соңғы кездері мал өсірушілерді субсидиямен бұрынғыдай жарылқап отырған жоқ. Мәселен, 2020 жылы бір бас үшін берілетін 20 мың теңге (2012 жылы бекітілген болатын) жыл сайынғы есіп жатқан шығындарға, атап айтқанда, жанармай бағасының қымбаттауына және қадеге жарату алымының (ультиватор) енгізілуіне қарамастан 15 мың теңгеге дейін қысқарды.

Фермерлер үшін басты мәселе – минималды қолдауды ұсынудың шарттары жыл сайын өзгеріп отыратындығы. Бұл ұзақ мерзімді жоспарлар құруға мүмкіндік бермейді. Шын мәнінде, ережелер ұзақ мерзімге әзірленіп, министрлердің ауысуына және кейбір басымдықтарға қарамастан өз күшінде қалуы қажет.

■ АҚБАС ЭКСПОРТЫ

Былырғы құрғақшылық селеционерлердің ақбастың бірқатар артықшылықтарын табуына түрткі болды. Ақбастың артықшылықтарын табиғаттың өзі көрсетті және бұл оған деген сұранысты арттырды. Сұраныс тек ел ішінде ғана артпады. Тіпті, әлемдік етті бағыттағы мал шаруашылығы көшбасшыларының бірі Аргентина сынды елдерде де ақбастың генетикасын сатып алуға құмартқандар бар.

«Елімізде қазақтың ақбас сиырының тұқымы тапшы. Аналық мал барлық елдерде, соның ішінде бізде де жетіспейді. Сондай-ақ, бізге Моңғолиядан, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан, Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданынан ақбастың тұқымын алғысы келетіндерден сұраныстар түсуде. Аргентинада бірнеше фермер достарымыз бар. Олар бұл генетиканы тұқым немесе эмбрион түрінде алуға қызығушылық танытады. Иә, бұл ел әлемдік көшбасшылардың бірі. Бірақ, оларда паппас деп аталатын біздің оңтүстік аймақты еске түсіретін жайылымы тапшы құрғақ аймақтар бар. Әлемдегі мен деген танымал тұқымдағы малдар ол жерде өзін жеткілікті деңгейде қолайлы сезінбейді. Ал, ақбас сиыры ол жақта елде жайылғандай еркін-еркін жайыла алады», – дейді Дәурен Матақбаев.

Аргентиналық фермерлер Қазақстанмен жақсы таныс. Олар елге 10-15 жыл бойы келіп, ақбас сиырымен танысып үлгерді. Қазақ ақбас сиыры республикалық палатасы қандай жауапкершілік жүктелетінін жақсы түсінді. Сондықтан материалды жіберуге асықпайды. Даярлық жұмыстарын бітірген соң барып қана тапсырысты орындауға кіріспек.

«Біздің мақсатымыз – жоғары сападағы генетикалық өнімді дайындау. Былырғы және биылғы жылы біз «Асыл түлік» асыл тұқымды станциясында бұқаларымызды жаңарттық. Палата бұқалары фермерлерден өз бағасына сатып алып, станцияға жеткізді. Онда сорылатын тұқым алдымен толық тексеруден өтеді», – дейді Дәурен Матақбаев.

Ақбастың тұқымын шетелге сатудан қыруар қаржы түседі деп айту қиын. Десек те, бұл елдің имиджіне оқ әсер етіп, елдегі мал шаруашылығы үшін үлкен жетістік болар еді. Сонымен қатар, қазақтың ақбас сиыры тұқымының халықаралық қауымдастығын құру жұмыстары жүргізілуде. Қауымдастыққа Қазақстаннан басқа Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Моңғолия, Қытай кіреді. Сондай-ақ, болашақта Аргентина да кіреді деп күтілуде.

■ ТОБЫҚТАЙ ТҮІН

Ежелден малмен күн көрген бабаларымыз сиырда да кенде болмаған. Ақбас сиырының аталығы герефорд болғанымен, аналығы гасырлар бойы сүзгіден өтіп, еліміздің қатаң климатының жағдайына бейімделген жергілікті тұқым екенін ұмытпайық. Аргентина сынды мал шаруашылығындағы жетекші елдің жайдан жай қызығушылық танытпағанын жоғарыда айттық. Бәлкім, жұрттың қаңсығын таңсық көріп, қолда бар алтынды күміске айырбастауды доғаратын уақыт жеткен шығар.



МАҚАЛЛАНЫҢ ТОЛЫҚ НҮСҚАСЫН ГАЗЕТИМІЗДІҢ WWW.QAZAQ1913.COM САЙТЫНАН ОҚЫҢЫЗДАР!

БАСТАПҚЫ ЖАРНАСЫЗ ИПОТЕКА

ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН ИПОТЕКА НЕСІМЕН ҰТЫМДЫ?



Елімізде 19 желтоқсанда әйелдерге арналған «Ұмай» ипотекасына тұрғындардан өтініш қабылдау басталды. Жыл соңына дейін созылатын науқанның басты ерекшелігі – бұрынғыдай бастапқы жарна талап етілмейді.

Бағдарламаның өзге де шарттары:

- Несие мөлшерлемесі – 13,2% (тұрғын үй заемына ауысқан кезде 3,5%-ға дейін төмендейді);
- Несие мерзімі – 25 жылға дейін.

«Ұмай» тұрғын үй бағдарламасына Қазақстанның 18 жас-тан асқан әйелдері қатыса алады. Географиялық шектеу жоқ, яғни пәтерді Қазақстанның кез келген қаласынан несиеге рәсімдеуге рұқсат беріледі.

■ БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

«Ұмай» ипотекасының көмегімен жаңа не қолданыста болған тұрғын үйді сатып алуға, сондай-ақ жөндеу жұмыстарына несие алуға болады. Бұл ретте ескеретін нәрсе – несие жөндеу үшін алына, оны алушы үйдің иесі болуы керек.

ТАЛАПТАР ҚАТАҢДАТЫЛАДЫ

ЕЛІМІЗДЕ ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АЛУ ҚИЫНДАЙ МА?



Мәжіліс депутаттары жүргізушілерді дайындау сапасының төмендігі мен оларға қойылатын талаптың босандығы жайлы мәселе көтерді. Себебі, 2018 жылдан бері елімізде жүргізушілерді дайындайтын оқу орталықтарын ашу үшін тиісті лицензия мен рұқсаттар талап етілмейді. Соның салдарынан материалдық-техникалық базасы жоқ автомектептердің жауыннан кейінгі саңырау-құлақтай қаптап кеткені жасырын емес. Халық қалаулылары көтерген мәселеге құзырлы орындар да құлақ түрді.

Мәжілісмендер жүргізушілерге алғашқы куәлікті онлайн алу тәртібін алып тастауды, арнайы халыққа қызмет көрсету орталықтарында емтихан қабылдау тәртібін күшейтуді талап еткен болатын. Осы мәселенің түйінін тарқату үшін Үкімет мүшелері арнайы жұмыс тобын құрды. Оның алғашқы отырысында «А, А1, В, В1» санатындағы болашақ жүргізушілердің өздігімен дайындалу институтын алып тастау, практикалық емтихан қабылдау процесін қалпына келтіру мәселесін қарастырды.

Үкімет басшысының орынбасары Роман Склярдің айтуынша, алдағы уақытта автомектептер кәсіби бірлестіктерге біріктіріледі. Яғни, өңірдегі автомектептердің қызметін сондағы кәсіби бірлестіктер реттеп, бақылап отырады. Егер жүргізуші тиісті деңгейде автомектептен білім алып шықпаса, ондай автомектептер кәсіби бірлестіктердің мүшелігінен шығарылады. Сонымен қатар, жұмыс тобының мүшелеріне жол жүру ережесі бойынша қойылатын емтиханға жаңа сұрақтарды енгізу үшін қосымша сараптама жүргізу жүктелді. Жаңа сұрақтардың енгізілуі емтиханды сәтті тапсыруды қиындата түсері анық. Әзірге мұның бәрі – жұмыс тобында қаралып жатқан мәселелер. Жүргізуші куәлігін алу жолындағы шынайы өзгерістерді келесі жылы байқап қалуымыз мүмкін.

■ БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Ресми статистикаға сүйенсек, Қазақстанда жылына 13 мың жол-көлік оқиғасы тіркеліп, соның салдарынан орта есеппен 2 мыңнан астам адам көз жұмады, 18 мың адам түрлі дене жарақатын алды.



МЕССИДІҢ
ЖҰЛДЫЗЫ ЖАНДЫ



Футбол тарихында бразилиялық Пеле мен аргентиналық Диего Марадона аты аңызға айналған футболшылар саналады. Күні кеше осы қатарға 35 жастағы аргентиналық Лионель Месси қосылды. Өйткені, Катардың «Лусаил» стадионында өткен Әлем чемпионатының финалында Франциядан басым түскен Аргентина үшінші рет Әлем чемпионы атанды.

КЕЛІСІМ	ҚАТЫСҚАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ САНЫ	ҚАТЫСҚАН ОЙЫНДАР САНЫ	ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА СОҚҚАН ГОЛ САНЫ
ПЕЛЕ (1940)	4 (1958, 1962, 1966, 1970)	14	12
МАРАДОНА (1960-2020)	4 (1982, 1986, 1990, 1994)	21	7
МЕССИ (1987)	5 (2006, 2010, 2014, 2018, 2022)	26 (рекорд)	13

Дереккөз | Wikipedia
Инфографика | Айнұр Қайратбекқызы



ТАЛАНТТЫ АДАМ ҚАЙДА ҒҰМЫР КЕШСЕ ДЕ, ӨЗІНІҢ ЕҢБЕГІ МЕН ТАБАНДЫЛЫҒЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ӨНЕРІН ЕЛІМІЗГЕ ПАШ ЕТЕ АЛАДЫ. БҮЛ СӨЗІМІЗГЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ, ТЕАТР ЖӘНЕ КИНО АКТЕРІ ҚОНЫСБЕК БІРМАНҰЛЫ БЕГАЙДАРОВТЫҢ ӨМІРІ АЙҒАҚ.

ОЛ – ИЛИЯС ОМАРОВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ АКТЕРІ, ІЗІН БАСЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖАС АКТЕРЛЕРДІҢ ҮЛГІ АЛАР ТӘЛІМГЕРІ.

ЖУЫРДА 65 ЖАСҚА ТОЛҒАН САХНА САҢЛАҒЫМЕН ӨНЕР ОРДАСЫНДА АРНАЙЫ ЖОЛЫҒЫП, СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК. ҚОНЫСБЕК БІРМАНҰЛЫ ӨЗІНІҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫНАН БАСТАП, ҚАЗІРГІ РУХАНИЯТ САЛАСЫНДА КӨТЕРІЛГЕН БИГІНЕ ДЕЙІН ӘНГІМЕЛЕДІ.

– Бұл күндері ел мойындаған дарын иесісіз. Сонау сағымдай бұлдырап артта қалған шағыңызда қандай бала болғаныңыз да оқырмандарды қызықтырады...

– Әрине, өзімді елден ерекше бала болдым деп айтудан мүлде аулақпын. Кәдімгі құрдастарым секілді ауылда тал шыбықты ат қылып ойнап, күні бойы үйден гөрі далада

ландарынан дәріс алған, яғни Щепкин атындағы училищені тәмамдаған мықты әріптестеріміз қызмет атқаратын. Сонымен мен жоғарыда атап өткен қаладағы Серәлі Қожамқұлов атындағы облыстық қазақ драма театрында актерлік еңбек жолымды бастау бақытына ие болдым.

Уақыт өте бұл өнер ұжымы Жезқазған қаласына қоныс аударды. Әріптестеріммен бірге жаңа ортаға да тез бейімделіп, жергілікті халықтың ыстық ықыласына бөлендік.

ҚОНЫСБЕК БЕГАЙДАРОВ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ, ТЕАТР ЖӘНЕ КИНО АКТЕРІ:

«БІР
ШАҢЫРАҚТА
ҮШ
АКТЕРМІЗ»

көп жүретінбіз. Алайда, жат қылығыммен үй ішіндегілерді жерге қаратқан жоқпын. Есімде қалғаны, мінезім ашық-жарқын болғандықтан, кез келген адаммен тез тіл табыса кететінмін. Кейбіреулердей біртоға, ұяң, жасық емес едім. Қарадомалақ бала болғандығымнан шығар, үлкен кісілер «Қара Қоныс» деп атап кеткен еді.

Өзім ауылдағы бастауыш мектепті тәмамдаған соң, жұртшылыққа жақсы таныс Атбасар қаласындағы мектеп-интернатта жатып оқыдым. Үйден алыс болсам да, жалқаулыққа салынған емеспін. Аталған жерде өзім секілді алыс елді мекендердегі шопандардың, басқа да мамандық иелерінің үл-қыздары тәлім-тәрбие алды. Осы жылдардың маған қай жағынан да бергені мол. Өз бетімізше білімге, өнерге талпыныс жасадық.

■ «КИЕЛІ САХНА ӨЗІНЕ ТАРТТЫ ДА ТҮРДЫ»

– Актерлік өнерге қалай келдіңіз? Бұл мамандықты таңдауыңызға қандай себеп болды?

– Несін жасырамын, үй-ішім мен туған-туысқандарым адам жанының арашашысы, яғни медицина саласын таңдағанымды қалаған секілді. Өйткені, өзімнің алдымдағы әпкем әрі жанашырым Қарашаш пен жездем Дулаттың мамандығы дәрігер болатын. Олар осы кәсіпті меңгергенімді дұрыс көріп, ақыл-кеңестерін берді. Бұрынғы астанамыз Алматыға ат басын тіредім. Алайда, осындағы мемлекеттік медицина институтына құжатымды тапсырғанмен, ол көңілімнен шықпады. Бұл ойымды ағам Қуандық білген соң, Семейдегі ауыл шаруашылығындағы беделді мал дәрігері институтында оқуымды жөн көрді. Бірақ, бұл оқу орны да менің қолым еместігін түсіндім.

Содан көп өтпей туған жеріме біржола оралдым. Ауылда қалай бос жүресің? Сондықтан «Кеңарал» кеңшарындағы орта мектепке қатардағы мұғалім болып жұмысқа қабылдандым. Әкемнен дарыған сурет пәнінен шәкірттеріме дәріс бердім. Орыс сыныптарындағы балаларды қазақ тілі пәнінен де оқыттым. Бұл қызмет менің өмірді тануыма кең жол ашты.

Әскер қатарындағы азаматтық борышымды өтеп келген соң, Арқалық шаһарындағы театрға жарық беруші болып қызметке орналастым. Өйткені, қазақтың сахна өнері мені өзіне тартты да тұрды. Бұл 1978 жыл болатын.

Театр режиссері Ерсайын Төпенов менің бойымдағы өнерге деген талпынысты байқап, осы кәсіптің биік шыңына көтерілу үшін Алматыдағы актерлер дайындайтын жоғары оқу орнында білім алу қажеттігін айтты. Өзінің қамқорлығын аямады. Сол кісінің ақыл-кеңесімен теңдесі жоқ көркем қалаға келдім. Содан бұл шаһардағы мемлекеттік театр және көркемсурет институтына құжатымды тапсырып, бағымды сынап көруге бел будым. Жолым болды. Аңсаған арманыма қол жеткіздім.

– Институттағы тәлімгеріңіз және курстастарыңыз жайлы айтсаңыз...

– Жоғары оқу орнында маған ҚР Еңбек сіңірген әртісі, профессор Рахиям Машурова дәріс берді. Оның класынан талай талантын ел мойындаған майталмандар түлеп шықты.

Үлкен өмірге бірге жолдама алған курстастарымның көпшілігі есімдерін ел таныған тұлғалар. Бұл күндері Қазақстанның Еңбек Ері, Халық әртісі Роза Рымбаева, еліміздің жезтаңдай әншісі Майра Илиясова, жарқын дарын иесі Құдайберген Бекішев және басқаларды жұртшылық ерекше құрмет тұтады.

Диплом алған соң жастар жан-жаққа кетті. Өзім Арқалық шаһарына аттандым. Өйткені, онда режиссер болып Жанат Хаджиев жұмыс істейтін. Өнер ордасында Мәскеудегі сахна тар-

Илияс Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театрында қызмет атқарғаным да жиырма жылдан асты. Мұндағы тындырған азды-көпті еңбегім халықтың көз алдында.

■ «ЗЕРГЕРЛІКПЕН ШҰҒЫЛДАНҒАННАН ЕРЕКШЕ ЛӘЗЗАТ АЛАМЫН»

– Өзіңіз өткен жылдарда қаншама жауапты да күрделі рөлдерді сомдадыңыз. Есіңізде қалған образдарға тоқталып өтсеңіз...

– Әрине, бір сұхбатта артта қалған жылдардағы шығармашылық ізденістер мен көтерілген биіктерді толық қамту мүмкін емес. Өткен кезең ішінде «Абылай ханда» Қалдан-Серен, «Хан Кенеді» Кенесары хан, «Қозы-Көрпеште» Қарабай, «Міржақыпта» Міржақып, «Абайда» Оразбай, «Цилиндрде» Аттилио Самуэлли және басқа да драмаларда көп бейнелерді тиісті деңгейде шығаруға тырыстым. Оған бағаны қашан да беретін көрермен ғой.

– Қонысбек Бірманұлы, Сіз кино актері ретінде де біраз киноға түстіңіз...

– Бірқатар фильмдерге түсіп, қарым-қабілетімді байқап көрдім. Мәселен, 2004 жылы Қазақстанның Халық әртісі, көрнекті режиссер Талғат Теменовтың арнайы шақыруымен «Көшпенділер» тарихи фильмінде Жәпектің рөлін сомдадым. Бұл фильмге қатысуым маған үлкен қанат бітіргендей болды. Қалың жұртшылыққа танытып. Содан кейін есімі баршаға мәлім Ақан Сатаевтың «Жау жүрек мың бала» фильміне де түсу бақытына ие болдым. Сонымен қатар, көрнекті актер әрі режиссер Досхан Жолжақсыновтың жұртшылықтан жоғары бағасын алған «Құнанбай» фильміне түстім.

– Халық Бегайдаровтар әулетін өнерді пір тұтатын шаңырақ деседі...

– Өмірлік серігім Зәмзәгул екеуіміз де өнерді биік қоямыз. Өзім де, келіншегім де ән мен күйге құштармыз. Ұлымыз Олжас та кәсіби актер. Ол да кейінгі жастарға үлгі көрсетер деңгейге жетті. Театр фестивалдерінде лауреат атанды.

Атамыз қазақ баланы байлыққа балаған, үш ұл мен екі қызымызға лайықты тәрбие бердік. Олжастан басқа перзенттеріміз Жамбыл, Серік, Шынар, Аяжан өмірден өз орындарын тапты. Осылардан тараған немерелеріміз тіршілігіміздің мәні әрі сәні.

– Сіз секілді әрбір шығармашылық адамының бос уақытында айналысатын әрі қызығатын есе әуесқойлық қабілеттері де болады ғой...

– Мен уақыттың бағасын білетін адаммын. Сол себептен театрдан тыс кездерімді барынша тиімді пайдалануға тырысамын. Табиғаттың көркемдігі мен сұлулығына таң қалмайтын кісі жоқ шығар. Таза ауада көп серуендегенді жаным қалайды.

Ата-бабамыздан мирас болып қалған қасиетті өнер аз емес. Қазір елімізде соларды жаңғырту жүріп жатыр. Мәселен, мен зергерлікпен шұғылданғаннан ерекше ләззат аламын. Ұлтымның шашбауларын, алқаларын жасап, бәріміз ерекше қастерлейтін қамшыны да өргенді ұнатамын. Сайып келгенде, бұлар танымды кеңейтіп, қиялымды шарықтатады. Ерекше демалып қаламын.

– Қонысбек Бірманұлы, ашық әңгімеңізге рақмет!

СҰХБАТТЫҢ ТОЛЫҚ НҰСҚАСЫН ГАЗЕТІМІЗДІҢ WWW.QAZAQ1913.COM САЙТЫНАН ОҚЫҒЫЗДАҒА!

Оразалы
ЖАҚСАНОВ

■ «ӘКЕМ СҰМ СОҒЫСТА ТОЛАРСАҚТАН САЗ КЕШТІ»

– Бүгінгі абдыр мен бедел тынымсыз ізденіспен келгендігіне дау жоқ. Бәрі де тағылымды тәрбие берген әке-шешенің арқасы екенін жиі айтасыз. Сол жайлы сыр шертудің де орайы келген секілді...

– Оныңыз рас! Ата-ананың әр адамның өмірінде алар орны бөлек болады. Жасың ұлғайып, өзің сүйікті немерелеріңе ата болған кезде оны барынша сезіне түссің. Өткен шаққа қысқаша саяхат жасайтын болсам, осыдан 65 жыл бұрын қазіргі Ақмола облысының Жақсы ауданына қарасты Қима ауылында дүние есігін аштым. Асқар таудай әкем ұлағатты ұстаз болды. Оның бүкіл ғұмыры әлгі аталған елді мекендегі бастауыш мектепте қазақтың ұл-қыздарына білім берумен өтті. Кешегі Ұлы Отан соғысындағы қанды майданда оқ пен оттың бел ортасында жүріп, толарсақтан саз кешті.

Әулетіміздің тірегі 60-қа жақындаған кезінде көз жұмды. Одан алғанымыз да, түйгеніміз де жетерлік. Жалпы, өнерге құштар болуымызға да тигізген ықпалы зор. Баянда да құйқылжыта тартып, әнді де нақышына келтіріп орындайтын. Замандастары өмірде болып жататын түрлі қуаныш мен думанды сәттерде оған қолқа салып, бойындағы өнерін көрсетпей жібермейтін. Суретті де айнытпай салатын. Әкеміздің осындай қасиеттері өзінен тараған ұрпақтарына да жұқты деп ойлаймын.

Анамыз Сұлушаш та қазір арамызда жоқ, оның аялы алақаны мен мейірімін, бізге деген шеңсі махаббатын ешқашан ұмытпай еске алып жүреміз. Шешеміз өзге қазақ әйелдері секілді отағасын пір тұтты. Азаматының алаңсыз жұмыс істеуіне барлық жағдайды жасады. Әкені қалай сыйлап, оны ардақтауды жастайымыздан санамызға сіңірді. Балаларының тәлім-тәрбиесіне жете көңіл бөлді.

Әпкем Қарашаш та, ағам Қуандық та анамыздай еңбекқор, қайырымды, адамгершілігі жоғары тұлға болып қалыптасты. Олар да ән-күй мен зергерлік өнерге құштар болды.

ТОО «САВВИН», БИН 150340021022, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Алматы, микрорайон Кайрат, д. 282. Тел.: +7 (701) 188 00 10. Корнев Павел Дмитриевич.

ТОО «Лилия белая», БИН 210740005138, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Алматы, ул. Ақан сері, д. 13 А, кв. (офис) 34. Тел.: +7 (747) 501 25 55